

**ЖАЗУШЫ ДУМАН РАМАЗАН
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Атшыбаева Ф.Қ.

Магистрант

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Қамарова Н.С.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

e-mail: nagbdu@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада постмодернист жазушы Думан Рамазанның өзіне тән қолтаңбасы сөз болады. Жазушы ешкімге ұқсамайтын стиль қалыптастырған қаламгер екендігі шығармашылығы арқылы дәделденеді.

Думан Рамазан шығармаларында ақиқат пен жалған, өмір мен өлім, өткен мен бүгін және қуаныш пен қайғыны бір-бірімен ұштастырып та, жеке дара да қолданылғаны айтылады. Жазушы шығармаларының әрқайсысы жеке талдауларды қажет етеді. жазушының қуаныш пен қайғыны бір-бірімен ұштастырып та, жеке дара да қолданғаны дәлелденеді.

Думан Рамазан шығармаларындағы кейпкерлердің есімі өздерінің атқаратын рөлдеріне және өмір сүру заманына сай таңдалатындығы, сондай-ақ постмодернист жазушы қатарына қосылған Думан Рамазанның еңбегінің көпшілік арасында тез таралатындығы, жазушының жазу стилінің жаңашылдығы және әр әңгімесінің түрлі сюжетке құрылуы жан-жақты сөз болады.

Түйінді сөздер: қазіргі қазақ прозасы, Думан Рамазан, шеберлік, постмодернизм, жаңашылдық.

Жаңашыл да жанашыр, шындықты жасқанбай жазып, шағын шығармалар жинағымен заман талабына сай қалам тербеп жүрген постмодернист жазушы Думан Рамазанның шығармашылығының қазіргі қазақ әдебиетінде алар орны ерекше. Қазақ әдебиеті тарихында өз шығармаларын халық өмірінің айнасы ете білген ақын-жазушылар жетерлік, алайда бүгінгі күнгі халық тағдырын әдебиет арнасында суреттеп жүрген жазушылар көпшілік назарынан тыс қалуда. Осы орайда қазіргі әдебиет өкілдерінің шығармаларын зерттей отырып, жаһандану үрдісінен әсер алып жатқан халыққа құнарлы, рухани құнды шығармаларды ұсынып отыру үлкен қажеттілік. Думан Рамазанның шығармашылығын әдебиеттанушы Әбіл-Серік Әліәкбар «Д.Рамазанның көркемдік әлемі романтизм мен реализм, натурализм мен сентиментализм, модернизм мен сюрреализмнің өте күрделі бірін-бірі жоққа шығарып, әрі толықтырып, әрі өзгеріске ұшыратып отыратын эстетикалық тенденцияларының синтезінен тұратын постмодернизмнің прозадағы ұлттық эталоны» [1, 12-б], - деп бағалайды. Сұхбаттарында жазушы Думан Рамазан өзінің постмодернист жазушы екенін жоққа шығармайтынын айтып өтеді.

Думан Рамазан шығармаларында ақиқат пен жалған, өмір мен өлім, өткен мен бүгін және қуаныш пен қайғыны бір-бірімен ұштастырып та, жеке дара да қолданған. Сондықтан жазушы шығармаларының әрқайсысы жеке талдауды қажет етеді. «Көш» шығармасы заман ағымымен жылжып бара жатқан қоғамды көшпен теңестіріп, әділетсіз басшылар, жағымпаз қызметшілер мен сорлы халықтың өмірін әсірелеп жеткізеді. Бұл шығарма қай заманда

болмасын ақиқатты ашық сипаттауымен оқырман қолынан шеткері қалмайды. Көш ішіндегі шындықты айтып шырылдаған Нағыз ақын мен жалғанның құлына айналған Дәлдүріш ақын да әр қоғамда табылары рас. «Қос ішек» әңгімесі хандық кезең жойылмаған дәуірдегі шағын оқиғаны сипаттайды. Хан қызын алып қашып, кейін ұсталып қалған жігіт соңғы сөзін айтар сәтте өз махаббатын қос ішекті домбыраның үнімен жеткізеді. Хан өлім жазасына кесер болса қыздың сыңарынан айрылған аққудай бақытсыз боларын домбыраның әсем үнімен сездірген жігіт өз арманына жетіп, хан қызына үйленеді. «Алланың әмірі» шығармасында Нұх пайғамбар қиссасын баяндаса, «Құса» шығармасында Абай атамиздың соңғы күндерін суреттейді. «Көкжал» әңгімесінде бөлтіріктерінен айрылған қасқырлардың кекшіл келетінін өткір түрде көрсетеді. «Жылап аққан тамшылар» туындысы тіпті бөлек сюжетте құрылып, өзі ғашық болса да басқа жігіттің жанұясын ойран етпес үшін сүйгенінен қол үзуге бел буған қыз туралы айтылады. Жазушының қай әңгімесі болса да оқиға желісі соны ой салатын жолмен жазылған. «Жатбауыр» туындысына келер болсақ автор ауылдағы ата-әже мен қалада өскен немере арасындағы суықтықты шағын оқиға желісімен сездіреді. Қазақша білмейтін қазақ қызына үйленіп, қалада қызмет істейтін ұлдары өз немересі Даниялды он жасқа келгенде ғана және амалсыздан ауылдағы ата-әжесіне табыстап кетеді. Ата-анасы Дубайға кеткен немерелері Даниялға бас-көз болып қарауды ата мен әже қуаныштары қойндарына сыймай қабылдайды. Алайда немерелерінің қазақша бір ауыз сөз білмеуі, ұялы телефонын шұқылап ешкімге көңіл бөлмеуі және қытырлаған дүкен тағамы мен тәтті сусыннан басқа нәрсе ішпеуі немересінен көп үміт күткен ата қуанышын су сепкендей басады. Астына қара джип мінген бай бала мен ауылда мал соңында жүрген ата-ананың арасындағы қарым-қатынастың нашарлығын бірден байқауға болады. Ата-ана қадірін білмей өскен жігіттің өз баласының да қиянатшыл болып өсіп келе жатуы ата-анаға істелген жамандықтың өз ұрпағынан қайтып келерін көрсетеді. Әрине, айтпай кетуге болмас тағы бір үлкен мәселе ана тілді білмеген баланың тәрбиеден де ұзақтап кетуі. Жаһанданып жатқан қала өмірі баланың ойлаған ойы, істеген ісі, сөйлеген сөзі, ішкен асына дейін әсер етуі бұл шығарманы оқыған ата-ананың бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауына итермелейді. Әжесі қанша жақсы көріп айналсоқтағанымен, атасы Ығыбай немересінің жат қылықтарынан, әсіресе қора артында тығылып темекі тартқанынан тіпті шошынып қалады. Сол темекінің қалдығы өртке ұласып, қорасы өртенсе де атасы баланың кінәлі екенін айтып әйелінің жүрегін ауыртуды қаламайды... Соңында атасы немересін қалада тұратын құдасы мен құдағиының қолына апарып табыстайды. Табыстап шығып келе жатқан Ығыбай ақсақал ұзаққа бармай шалқасынан құлап «жеті қат жердің астына құлдилап бара жатты» деп шығарманың соңғы нүктесі қойылады. Жылы үй, жұмсақ тамақ, асты-үстіне түсіп еркелеткен нағашы атасы мен әжесінің қылығы Ығыбай ақсақалға жиіркенішті болып көрінді. Киімі көк, тамағы тоқ болғанымен ішкі жан дүниесі кірлеген немересін не жақсы көрерін, не жек көрерін білмеген қарт көңілі оқырманды жас ұрпақтың рухани жағдайын ойлауға сүйрейді. «Жүрек қалауы» әңгімесі диалогтармен өрбиді. Бай қала тұрғындарының өздерінің жалғыз қыздарының ауыл жігітіне тұрмысқа шығамын деген сөзіне көзқарастары шынайы көрсетіледі. Анасы Бақыткүл «болашақ жарын дүниеге бай болса, бәрі де болады» деген қағиданы дұрыс санап, ауыл жігітін қор көреді. Әкесі Саятбек болса ең бастысы адамгершілік екенін айтып, қызына рұқсат береді. Қыздары Индира өзі қазақшаны дұрыс білмесе де қазақ пен қазақтың орысша шүйіркелескеніне қарсы қойшы баласы Сержанды сүйеді. Сержан да Индираның түсінігін жоғары бағалап, қазақшаға талпынғанына сүйсінеді. Әңгіме Бақытгүл Сержанды өз көзімен көргенде ойға қалғандығын айтып бітеді.

Осы шығармада да урбандалудың кері әсерін байқаймыз. Адам дәрежесін қолдың кірі болған дүниемен өлшеген Бақытгүлдің ауыл адамдарын менсінбеуі қызына айтқан сөздерінен ашық байқалады. Тәкәппарлықпен қатар қорқақтықты да есепке алу керек. Басқа адамдардың сөзінен қорқып, дұрыс шешімнен бас тарту көптеген адамның дұрыс шешім қабылдап, жақсылыққа жетуге тежеу болды десек артық айтпаған болармыз. Бірақ Сержанның бойында бұл рухани дерттің, яғни рияшылдықтың болмауы оның айтқан

сөздерінен және өзінен әлденеше есе бай болған қыздың үйіне келіп сыйлық беруінен байқалады. Қойшы баласы Сержанда басшы әрі бай Саябектің қызына өзін лайықсызбын деа санамауы оның білімділігін көрсетеді. Индираның анасы Бақытгүлді ойландырып тастаған да Сержанның білімі мен мәдениеттілігі еді. «Күйік» шығармасы ұлынан айырылса да, артында тұяғы қалған қарттың өлім аузында жатқан кезін сипаттаумен басталады. Ең үлкен немересі Нұрманжанға жауапкершілікті табыстап, бұл өмірден өтеді. Сол күндері Нұрманжан кішкентайлы болады. Жұбайы екеуі де түстерінде аталарын көріп, балалары сол кісіге ұқсайтын болар деп жақсыға жорып, есімін да сол кісіге аттас етіп Ернар қояды. Ернар шынымен де жүріс-тұрысы, түр-тұлғасы атасына қатты ұқсайтын болып өседі. Бес жасқа келген шағында әкесі Нұрымжан екеуі аталарының басына барғанда ғана Нұрымжан ол кісілердің қайтыс болғанын біледі. «Осылай өмір өтіп, ғұмыр жалғасып жатыр» деген сөздермен шығарма аяқталады. «Жатбауыр» шығармасын оқыған адам бір суықтықты сезіп, ол әңгімені екінші қайтара оқығысы келемеуі мүмкін. Ал, «Күйік» әңгімесі керісінше жанұядағы бірлік пен жылулықты сездіреді. Баласы қайтыс болса да атасының немересімен арасындағы жақындығы үлгі аларлық. Нұрманжанның да әкесі мен атасына Құран бағыштап тұруы ол кісілердің берген діни тәрбиесінің жемісі болса керек. Нұрманжанның әке зиратына жиі барып, Құран бағыштап, жаны жәннәттә болуын тілеуі өткен ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы байланыстың үзілмеуіне себеп болғандай. Қазақтың адамды өлді демей, о дүниеге қайтты, қайтыс болды деуінің өзінде үлкен мән жатқанын байқатады. «Жан» әңгімесі де түс жорумен байланыстырылған. Ата-ана түсінде көптен күткен сәбилеріне жазушы таныстарының өз жұлдызың бергенін көреді. Сол себепті балаларының атын Жұлдызжан деп қойып, сол жазушыға еліктеп өсуіне себеп болады. Бала Жұлдызжан да өз есімінің сырын білетіндіктен аталмыш жазушының мұражайына барады. Мұражайда көзіне елестер көрініп, жазушы заманындағы суреттер қайта жаңғырғандай болады... Мұражай ауласында отырғанда көгершін ұшып келіп Жұлдызжанның көзінше жылайды. Бұл құбылыстардың мәнісін түсіне алмаған Жұлдызжан автобуспен үйіне қайтуды жөн көреді. Көгершін Жұлдызжанның соңынан қалмай ұшып, автобустың артқы терезесін қанатымен сабалайды. Жұлдызжан автобустың тоқтағанын күткенше болмай көгершін көліктің дөңгелек астына түсіп өледі.

Думан Рамазан шығармаларының тақырыбы қысқа әрі шығарма идеясын бірден еске түсіретін қарапайым болып келеді. Автор шығармалары қысқа болғандықтан қосымша тақырыптар қолданбайды. «Көш» шығармасы көш, «Жатбауыр» шығармасы ата-әжеге жатбауыр болған немере, «Көкжал» әңгімесі көкжал туралы дегендей әр шығарма өз тақырыбына толық сыйып тұрғандай. Бұл алдында айтып өткендей жазушының өзгешеленіп, атақ-абыройға ие болсам деген ойдан аулақ екенін дәлелдей түседі.

Думан Рамазан шығармаларындағы кейіпкерлердің есімі өздерінің атқаратын рөлдеріне және өмір сүру заманына сай таңдалған. Кейіпкерлердің есімдері олардың образдарын да аша түскендей. «Көш» шығармасында шыншыл ақынның аты Нағыз болса, өтірікші ақын Дәлдүріш; «Жатбауыр» шығармасында қала баласы Даниял да, оның атасы Ығыбай; «Жүрек қалауы» әңгімесінде қазақша аз білетін қала қызы Индира, оның әкешесі ауылдық өмірді көріп өскен Саятбек пен Бақытгүл, қойшының тәрбиелі баласы Сержан; «Күйік» әңгімесінде атасы үміт артқан немересі, үміті Нұрманжан, елге елеулі қызмет еткен қария Ернар; «Жан» туындысында жазушының жұлдызына түс әлемінде ие болған Жұлдызжан т.с.с.

Думан Рамазан шығармалары шағын көлемді болғандықтан жоғарыда атап өткеніміздей басты идея, оқиғалар желісі, образдар тақырыпқа толық сәйкес келеді және тақырып төңірегінен ауытқымайды. Кейіпкерлер күнделікті өмірде кездесетін адамдарды еске түсіргендіктен олардың диалогтар арқылы жанама мінезделуі жеткілікті болып көрінеді.

Автор портрет пен пейзажды өте сирек қолданып, сюжетті монологтар мен диалогтар арқылы өрнектейді. Оқиғалар көбіне хронологиялық негізде баяндала отырып, шығарма мұңды ойға батыратын жолмен аяқталады. Автордың бұлай жазуы оқуға және

түсінуге жеңіл болғанымен терең ойға сүйрейді. Жазушы өз шығармаларында прологты сирек қолданады, ал эпилогтың шағын шығарма үшін қажеті де болмасы анық.

Жазушының диалогқа негізделген шығармаларында, яғни шағын пьеса деп те атауға болатын әңгімелерінің басында кейіпкерлерді қысқаша ғана атап өтеді. Мысалы «Жүрек қалауы» еңбегі былай басталады:

«Қатысушылар:

Индира – жас қыз

Бақытгүл – қыздың шешесі

Саятбек – қыздың әкесі

Сержан – жас жігіт» [2, 3].

Автор кейіпкерлердің мінез-құлқын және наным-сенімін көбіне диалогтарда өз сөздері арқылы көрсетеді. «Жүрек қалауы» шығармасында Индираның қазақ тіліне шорқақтығын мына сөздерінен байқауға болады:

- Мам... Папам ылғида болашақ күйейдин байлығына, басқасына қызықпа, ең бастысы адамгершилигі жоғары адам болсын деп айтып отырады ғой!..

«Жатбауыр» туындысында Бибіжамал әженің:

- Әнеугүні телебезерден айтты ғой!.. – деп айтқанынан-ақ ауыл тұрғынына тән сөйлеу мәнерін байқауға болады.

Ығыбай атаның немересі Даниялды «Дәниәл» деп атауы, «Сен не істеп жүрсің?» дегенді орысшалағанда «Әй, шо!», - деуі әңгімеге шынайылық бере түседі.

Бірінші жақтан жазылған шығармаларда кейіпкердің образы монологтар арқылы да ашыла түседі, бірақ Думан Рамазан ішкі ойды да артық сөзден аулақ болып, тек саңызды ойды жеткізуге тырысқаны айқалады. «Күйік» әңгімесінде Нұрманжанның жағдайы өзінен де қиын қойшы шалға қарап жанашырлық білдіруін мына ойынан байқай аламыз:

«Қу тіршілік-ай! Сексенге келсе де қой соңында селкілдеп жүргенін қарашы. Нағыз мүсәпір жан осы ғой... «Не үшін өмір сүргенімді өзім де білмеймін» дей ме?! Ғұмыр бойы тауқымет пен тақсиреттің азабын арқалап, қайғы-қасиреттің уын ішіп келе жатса қайтсін енді... Бірақ өзінің жаны сірі екен, соның бәріне шыдап келе жатқан...»

Жазушы шығармаларының көп бөлігі диалогтардан құрылғандықтан кейіпкерледі жанама мінездеу басым келеді. Яғни, автор олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып жатпай, оқиға желісі, сөйлеген сөздері арқылы мінездеп шығады.

Думан Рамазан шығармаларындағы кейіпкерлерді шынайы өмірде де кездестіруге болады. Сондықтан көпшілік арасынан таңдап алынған кейіпкерлер оқырманға өз кем-кетігін тауып одан арылуға және жақсы қасиеттерді бойға сіңіруге септігін тигізеді.

Жазушы шығармаларында толықтыру үшін кіргізілген эпизод немесе эпизодтық қаһармандар болмағанымен, метафизикалық әлеммен байланыс, өлім тақырыбы өте жиі кездеседі. Думан Рамазанның діни тақыпты да жиі қодануы атеистік саясат құрсауынан шыққан халықтың рухани жетілуіне үлес қосуды мақсат еткенінен туындаса керек.

Думан Рамазанның қай шығармасын алсақ та өз ойын өткір жеткізуге тырысқанын байқай аламыз. Осы себептен жазушының сөз саптауында да өткірлік байқалады. Жазушы айтар ойын тік, батырып айтатын тұстары жиі кездеседі. Мысалы «Көш» шығармасында апатқа ұшыраған халық былай сипатталады:

«Әр-әр жерде шашылған дүние-мүлік, бастары жарылып, аяқ-қолдары сынып, домалап жатқан жаралылар. Талай адамды тас басып қалған. Анадая жерде жүк-мүгімен аударылып түскен кәрі атан ыңырана ыңырсып, әлсіз тыпыршиды. Оныңжанында бытшыты шыққан ағаш бесік жатыр. Сәл әріректе қара қазан төңкеріліп қалған» [3]. Бұл әділетсіздікке ұшыраған халық бейнесін, ащы шындықты көрсету үшін қолданылған стиль.

«Көкжал» шығармасын оқып отырған оқырман мына жолдарға келгенде тіксініп қалары анық:

«Бойын жиып тұра бергені сол еді, ырылдап келіп сол жақ иықтан ала түскен ашулы арлан ақсқан азу тістерін батырып жіберіп күтір-күтір еткізді де, жұлқылай тартып қалды...» [4].

Жазушының шығармаларындағы суреттерді, іс-қимылдарды қанықты ету үшін қос сөздер мен сөз тіркестеріне жүгінгенін байқаймыз. Мысалы «Жан» әңгімесінің тек бірінші бетінің өзінде мына қос сөздер кездеседі: Жата-жастана, ырыздық-несібе, дәм-тұз, ақ-адал [4]. «Көкжал» еңбегінде мына сөз тіркестері кездеседі: жүрек жұтқан, қаны басына шапты, қаны сұйық, шақшадай басын шарадай еткен, жүрегі аузына тығылды [4]. Жазушы шығармаларында сұр жылан, қара құлып, суық тер, қара тер секілді тұрақты эпитеттер де көп қолданылған.

Постмодернист жазушы қатарына қосылған Думан Рамазанның еңбегінің көпшілік арасында тез таралуы ол кісінің жазу стилінің жаңашылдығы және әр әңгімесінің түрлі сюжетке құрылуынан болса керек. Сонымен қатар шығармалардың ықшам болуы уақыт тауып оқуға жеңілдік туғызады. Тақырыптар қарапайым болғанымен негізгі ойды толық қамтуы қайталап оқуға уақыт тапшы қазіргі заманның талабына сай. Думан Рамазан шығармалары шағын болғанымен тілдік қорға бай екені осы жобада жасалған ғылыми зерттеуден бірден байқалады. Осындай шағын шығармаларда троптың барлық түрі кездесуі қазіргі қазақ әдебиетінде қазақ тілінің байлығы сақталып келе жатқанын көрсетеді. Зерттеуші О. Берггольцтің айтуынша, проза дегеніміздің өзі «ішкі дүниені, ішкі жан әлемді ашу» [5, 281]. Демек, адамның ішкі әлемі, дара психологиясы арқылы Д.Рамазан прозасында әлеуметтік атмосфераның да психологиясы көрініс табады.

Думан Рамазан секілді өзіндік жаңашыл жолмен бүгінгі қоғам жайлы жазып жүрген жас жазушылар да көп. Біздің қазіргі қазақ әдебиетіндегі ақын-жазушыларға деген қолдауымыз олардың шығармаларын оқып, талдап, таратып, жақсы тұстарын мақтағанымызбен қатар кемшіліктерін де сыпайы сынмен ескертуіміз қажет.

Әдебиет – маңызды тәрбие құралы. Жастарымызды тәрбиелеуіміз үшін Д.Рамазан сияқты жазушылар шығармаларын оқығанды жөн деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбіл-Серік Әліәкбар. Думан Рамазан және постмодернизм. Ақиқат. 19.07.2017. <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=8444>
2. http://www.ikitap.kz/reader/jurek_kalauui#
3. http://www.ikitap.kz/reader/kosh_angime_kura#
4. http://www.ikitap.kz/reader/kokjal_kura#
5. Верггольц О.Ф. Против ликвидации лирики. В кн: Разговор перед съездом. – М.: Сов. писатель. 1954. – 340 с.

ОСОБЕННОСТИ ТВОРЧЕСТВА ПИСАТЕЛЯ ДУМАНА РАМАЗАНА

Атшыбаева Ф.К. – магистрант, Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, e-mail: Fatshybayeva@mail.ru.

Камарова Н.С. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, Казахстан, г.Актау, e-mail: nagbdu@mail.ru.

Аннотация. В статье речь пойдет о характерном почерке писателя-постмодерниста Думана Рамазана. Новатор – это писатель, который создал стиль, который не похож ни на кого. В произведениях Думана Рамазана говорится, что истина и ложь, жизнь и смерть, прошлое и настоящее и радость, и печаль используются как в единстве, так и в единстве. Каждое из произведений писателя требует отдельного анализа. доказано, что писатель использовал радость и печаль как в сочетании друг с другом, так и индивидуально.

В произведениях Думан Рамазан подробно рассказывается о том, как имена каперов выбираются в соответствии с их ролями и временем жизни, а также о том, как труд Думана Рамазана, вошедшего в число писателей-постмодернистов, быстро распространяется среди публики, новизна стиля письма писателя и построение каждого рассказа на разные сюжеты.

Ключевые слова: современная казахская проза, Думан Рамазан, мастерство, постмодернизм, новаторство.

FEATURES OF CREATIVITY OF THE WRITER DUMAN RAMAZAN

Atchybaeva F.K. – Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: Fatshybayeva@mail.ru.

Kamarova N.S. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: nagbdu@mail.ru.

Abstract. The article will focus on the characteristic handwriting of the postmodernist writer Duman Ramazan. An innovator is a writer who has created a style that is unlike anyone else. In the works of Duman Ramadan, it is said that truth and lies, life and death, past and present, and joy and sorrow are used both in unity and in oneness. Each of the writer's works requires a separate analysis. It has been proven that the writer used joy and sadness both in combination with each other and individually.

The works of Duman Ramazan detail how the names of privateers are chosen according to their roles and lifetimes, as well as how the work of Duman Ramazan, who became one of the postmodern writers, quickly spreads among the public, the novelty of the writer's writing style and construction each story on different plots.

Key words: modern Kazakh prose, Duman Ramazan, mastery, postmodernism, innovation.

